# OTAN SAQSHYSY

SHEKARA QYZMETI

QR UQK SHEKARA QYZMETİNİŃ APTALYQ GAZETİ

ЧАСОВОЙ РОДИНЫ

**№13 (5946) 3 sáýir 2021 jyl** | Gazet 1943 jyldyń shildesinen shyǵady | shekaraknbkz | E-mail: os-chr@yandex.kz



7 сәуір - Пшихавр шатқалында...



2

**«ҚАЛҚАНДЫ» ЛАГЕРЬ**



4

**Қалқанның Каспийдегі дайындығы пысықталды**



6-7

ГЛАВНЫЙ ЭТАП ЖИЗНИ **или почетная обязанность**



12


# ЖАҢАРҒАН БЕКЕТ








Кеше Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы ең ірі бекеттердің бірегейі саналатын «Қордай» бақылау-өткізу пункті заманға сай жаңартылып, қолданысқа берілді. Қазақ-қырғыз шекарасындағы «Қордай» – «Ақ Жол» бекеттерінің салтанатты ашылу шарасына Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин мен Қырғызстан Республикасының Премьер-Министрі Улукбек Марипов қатысты.

Еліміздің Үкімет басшысы өз сөзінде бауырлас қырғыз елімен арадағы шекарада ашылған қос бекет арқылы қарым-қатынастың одан әрі ұлғая түсетінін атап өтті.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-лейтенант Д.Ділманов екі елдің үкімет басшыларын және сыйлы қонақтарды Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Қордай» шекаралық бақылау бөліміндегі мемлекеттік шекарадан өту тәртібі, сондай-ақ қолданысқа енгізілген заманауи құрылғыларымен таныстырды.

Жамбыл облысының әкімі Б.Сапарбаев «Қордай» бақылау-өткізу пунктін кеңейту жұмыстарының толығымен аяқталғанын баяндап, бір жыл ішінде атқарылған қыруар жұмыстың нәтижесіне А.Мамин оң бағасын берді.

«ҚазАвтоЖол МК» АҚ-ның тапсырысымен бас мердігер «ДорСтрой» жаңарту жұмыстарын жүргізген «Қордай» бақылау-өткізу пункті шекарадағы заңсыздықтың алдын алуға қызмет ететін соңғы үлгідегі құралдармен жабдықталған.

«Қордай» шекаралық бақылау бөлімінің іске қосылуы орта есеппен тәулігіне 2,5 мың автокөлік, яғни бұрынғыдан екі жарым есеге, тұлғаларды орта есеппен 23000 адам, демек төрт есеге артық өткізуге мүмкіндік бермек.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында шекарашылар мен басқа да мемлекеттік органдарды жаңарған бекетке қоныстануымен құттықтай отырып, ел шебін күзетуде жоғары жетістіктер тілейміз.

**Капитан Ж.ЖАРКЕНОВ «OS-ЧР».**
**Суреттерді түсірген автор.**

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОСТЫҚ НЫШАНЫ

Өткен аптада Қазақстан Республикасы ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-лейтенант Д.Ділманов ТМД Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің шешімін жеткізіп, бірқатар әскери қызметшілерді марапаттады.





Кеңес шешімінің мәтіні «ТМД елдері шекара ведомстволарының жауынгерлік достығын нығайтып, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған Жеңіс Эстафетасын ТМД елдерінің сыртқы шекаралары арқылы жүріп өтуіне белсене ат салысқаны, аталған іс-шараға жасампаз бастамашылдықпен және бар ынта-жігерімен кіріскені үшін келесі әскери қызметшілер марапатталады...» деп басталады.

Ведомство басшысы Шекара күзеті департаменті бастығының орынбасары полковник Е.Түлкібаевқа «ТМД елдері шекараларын үздік күзеткені үшін» төсбелгісін табыстады.

Сонымен қатар Шекара әскерлері қолбасшылары кеңесінің грамотасымен Шекара қызметі директорының орынбасарлары полковниктер Д.Бекжанов, Қ.Далматов бастаған 20-ға жуық әскери қызметші марапатталды.

Бұл - жоғары дәрежедегі халықаралық достықтың нышаны.

**Майор Р.ҚАБДОЛДАНОВ, «OS-ЧР».**
**Сурет ҰҚК баспасөз қызметінен.**

# 7 сәуір - Пшихавр шатқалында...

7 сәуір – Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының батылдық күні болып саналады. Осыдан 26 жыл бұрын Тәжікстан Республикасының ауғанмен шекарасының бойында өздерінің бітімгершілік миссияларын атқару кезінде Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлерінің (қазіргі Ұлттық ұлан) 17 сарбазы содырлардың тосқауылына тап болып, күші тең емес ұрыста ерлікпен қаза тапқан болатын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «ТМД-ның тәжік-ауған учаскесіндегі сыртқы шекарасын қорғауды күшейту туралы» 1993 жылғы 15 сәуірдегі қаулысына сәйкес, еліміздің шекарашылары мен Ішкі әскерлерінің жеке құрамы тәжік-ауған шекарасын күзетуге қатысты. Сөйтіп, 1993 жылдың маусымынан 2001 жылдың ақпанына дейін бірнеше мың сарбаз бен сардар тәжік-ауған шекарасында өздерінің бітімгершілік миссиясын орындады. Олардың ішінде қазіргі Ұлттық ұланның жетінші ротасы да болған еді.



Сол жолы Памир тауындағы Пшихавр шатқалында бес сағатқа созылған қарулы қақтығыс кезінде ротаның 17 сарбазы қаза тауып, 33-і ауыр жарақат алды. Моджахедтер тәжік-ауған шекарасы арқылы ішке енгісі келгенімен, рота оларға ерлікпен төтеп берді. Сондықтан оқиғаға 26 жылдан кейін тағы да бір рет тоқталып өтсек.



Өйткені, сындары сәтте өзінің жігіттерін ұрысқа бастап, жаудың бетін қайтаруға күш салған кіші командир Марат Ахметов – жылдар өте келе ҰҚК Шекара қызметінің сапында қызмет атқарған сардар еді.

... 17 сәуір күні бір жағы тауға, екінші беті Пяндж өзеніне барып тірелетін жолдың бойында жауынгерлік тапсырмамен келе жатқан әскери көліктер керуеніне бұл кезде тауға мықтап бекініп алған моджахедтер тұтқиылдан шабуыл жасайды. Көзді ашып-жұмғанша қиян-кескі ұрыс басталды. Соғыс өнеріне әбден машықтанып алған жаудың жаудырған оқтары тізбекті бастаған бронетранспортерді бірден істен шығарады. Мұнан кейін қалғандары отқа оранды. Адам шығыны да болмай қалған жоқ еді. Осы жерде капитан Ерлан Ерназаровтың ротасын құтқарған 40-50 метрдей жерде тұрған көпір болды. Ішкі әскердің сарбаздары осы тауды тесіп өтетін көпірге бекініп алып, өздеріне таудың биігінен оқ жаудырған жаудың бетін қайтарды. Негізі бұл көпір – стратегиялық маңызы зор нысан болатын. Одан өтетін жолдың бірі – Калай-Хумб елді мекеніне, екіншісі Тәжікстан елінің астанасы Душанбе қаласына өтеді.

Командирінің ажал құшқанын көріп, соғыс жағдайындағы тәртіпке сәйкес, сержант Марат Ахметов ендігі сәтте басқаруды өзінің қолына алуға тиіс екенін түсінеді. Кіші командирдің ерекше намысшылдығы, отаншылдығы мен батырлығы осы сәтте айқын көрінеді. Бұл – қалған сарбаздардың бойына күш-жігер құяды. Қашан арттарынан көмек келіп, жауды толық жойып жібергенге дейін өздері бекінген көпірді ұстап тұрады...

... Жер-ананың кеудесіне екі күш бір-біріне қарсы сойқан салып жатыр еді. Бірі – қаскөйлікпен, екіншісі өзінің бітімгершілік миссиясын орындау үшін.



Біздің шекарашылардың тілімен айтқанда, бірі – шекара бұзушылар болса, екіншісі осынау қаскөйлерді қасиетті шекарадан өткізбеу үшін күш салып жатқан. Демек, біздің сарбаздар батырға тән қайсарлық танытты. Мәселен, Қайрат Сәтпаев жаудың тиген оғынан қансыраса да жауға оқ атуын бір сәтке де тоқтатпады. Осылай ету арқылы ол жараланған жолдастарын ұрыс алаңынан әкетуге мүмкіндік берді. Сарбаз Анатолий Мешков та отқа оранған әскери машинаның тасасынан жауға оқ жаудырумен болды. Бірақ, екі жақтың күші тең емес еді. 17 сарбаз қаза тапты.

Соңғы сәтке дейін қаруларын қолдарынан тастамаған сарбаздардың ерлігін жоғары бағалап, Елбасы өзінің Жарлығымен олардың 5-ін ІІ-дәрежелі «Айбын» орденімен, он екі әскери қызметшіні «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапаттады. Мінеки мұның барлығы да Отанды шексіз сүюдің жарқын үлгісі болып табылады. Патриотизмнің қайнар бастауы екенін біздің сарбаздар сын сағатында көрсете білді.

- Менің жолдасым 7 сәуірді – өзінің өміріндегі ең бір қайғылы күн санайды. Сол күні ол терең мұңның құшағынан шыға алмай жүретін, - деп есіне алады Марат Ахметовтің көзі тірісінде сырласы да, мұңдасы, тірегі де бола білген аяулы жары Айгүл Асанқызы. Боздақтардың қазалы өлімін өз көзімен көргендіктен, оқиға Мараттың жанын қатты жаралап кетті. Өмірінің соңғы сәтіне дейін ұмыта алмады...

Иә, тәжік-ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан сарбаздардың туып-өскен жерлеріндегі мектеп, көше, саябақтар олардың есімдерін еншілеген. Тек, ата-ана, туғандары мен достары үшін олар мәңгі жас, мәңгі сағыныш болып қалғаны болмаса...

Ал 7 сәуірдегі сұрапылды өзінің қарулас жолдастары – он жеті сарбазбен бірге басынан өткерген сержант М.Ахметов уақыт өте келе ҰҚК Шекара қызметінің сапына алынып, иығына офицерлік шен тақты. Жүрегі аяқ астынан тоқтап, бақилық болмағанда, бүгінде полковниктердің қатарын толықтырған сардарға айналған болар еді. Артында ұлы Ислам, қыздар Аида және Аяна қалды. Әке тәрбиесімен намысшыл, елжанды, отаншыл болып өскенінің белгісі іспетті, Ислам да бүгінде шекарашылар сапында.



Уақыт – сусыған құм секілді, қолда тұрмайды. Десек те ерлер ерлігі – ел есінде. Сосын да 7 сәуір – Батылдық күні ретінде жастарды ерлік пен өрлікке, Отаншылдық рухқа баули беретін болады.

**Майор Ж.КЕМЕЛ, «OS-ЧР».**
**Суреттер М.Ахметовтің отбасылық мұрағатынан.**



ИЗ Г. ДУШАНБЕ, НР 757 НЕСЕКРЕТНО

Г. НУР-СУЛТАН, ЗАМЕСТИТЕЛЮ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ КОМИТЕТА НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН – ДИРЕКТОРУ ПОГРАНИЧНОЙ СЛУЖБЫ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТУ ДИЛЬМАНОВУ Д.А.

УВАЖАЕМЫЙ ДАРХАН АЙТКАЛИЕВИЧ!

ОТ ИМЕНИ РУКОВОДСТВА И ВСЕГО ЛИЧНОГО СОСТАВА ПОГРАНИЧНЫХ ВОЙСК ГОСУДАРСТВЕННОГО КОМИТЕТА НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ ТАДЖИКИСТАН И ОТ СЕБЯ ЛИЧНО ПРИМИТЕ ИСКРЕННИЕ ПОЗДРАВЛЕНИЯ ПО СЛУЧАЮ ОБЩЕГО ДЛЯ НАШИХ НАРОДОВ ПРАЗДНИКА НАУРЫЗ.

ПУСТЬ НЕ РАЗДЕЛЯЮЩИЙ НА РЕЛИГИИ И ЯЗЫКИ ПРАЗДНИК НАУРЫЗ, ПРИЗЫВАЮЩИЙ К ЕДИНСТВУ И ПРОЦВЕТАНИЮ, ДАРЯЩИЙ ВСЕМУ ЧЕЛОВЕЧЕСТВУ БЛАГОПОЛУЧИЕ, ПРИНЕСЕТ НАШИМ БРАТСКИМ НАРОДАМ РАДОСТЬ И СЧАСТЬЕ.

УБЕЖДЕН, ЧТО ВСЕСТОРОННИЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ ПОГРАНИЧНЫМИ ВЕДОМСТВАМИ ТАДЖИКИСТАНА И КАЗАХСТАНА, ОСНОВАННЫЕ НА КРЕПКОЙ ДРУЖБЕ И ВЗАИМОПОНИМАНИИ, БУДУТ И ВПРЕДЬ СТРЕМИТЕЛЬНО РАЗВИВАТЬСЯ.

ПОЛЬЗУЯСЬ ПРИЯТНОЙ ВОЗМОЖНОСТЬЮ, ЖЕЛАЮ ВАМ КРЕПКОГО ЗДОРОВЬЯ И УСПЕХОВ, А БРАТСКОМУ КАЗАХСКОМУ НАРОДУ МИРА И ПРОЦВЕТАНИЯ.

С УВАЖЕНИЕМ,

НР 31/28-16 ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ – КОМАНДУЮЩИЙ ПОГРАНИЧНЫМИ ВОЙСКАМИ ГКНБ РЕСПУБЛИКИ ТАДЖИКИСТАН

17.03.2021 ГЕНЕРАЛ-ПОЛКОВНИК РАДЖАБАЛИ РАХМОНАЛИ

Қазақстан Республикасы ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметі директорының атына Тәжікстан Республикасы Мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының бірінші орынбасары – Шекара әскерлерінің қолбасшысы генерал – полковник Раджабали Рахмонали еліміздің шекарашыларын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап хат жолдады.

Өз кезегінде Шекара қызметінің директоры генерал-лейтенант Д. Ділманов ізгі тілектерін білдірген тәжікстандық әріптестерді күллі түркі жұртына ортақ жыл басы саналатын Наурыз мерекесімен құттықтап, өздеріне және жақындарына мықты денсаулық, қызметтеріне табыс тіледі.

**Майор Р.ҚАБДОЛДАНОВ, «OS-ЧР».**





# ШЕКАРА БАҒДАРЫ

Алдағы жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің қабырғасы құрылғанына 30 жыл толады. Осынау тарихи оқиғаға орай ашылған «ҚР ҰҚК ШҚ: 30 жыл бұрын» айдары шекарашылардың ерлікке толы өмірлерінен сыр шертетін болады. 90-шы жылдар – Егемендігіміздің елең-алаң шақтары халқымыз үшін оңай болмағаны жадымыздан әлі өше қойған жоқ. Шекарашыларға екі бастан. Бұл туралы бүгінгі мақаламыздың бас кейіпкері отставкідегі генерал-майор Құсайын Берқалиев айтып береді.



**Біздің қысқаша анықтама:**

Берқалиев Құсайын Иманғалиұлы 1951 жылы 15 тамызда Атырау қаласында туған. 1970 жылы Одақ бойынша дара саналатын Э.Дзержинский атындағы Алматы Жоғары Шекаралық командалық училищесіне түсіп, екі жылдан соң оқуын Ресейдің Голицын шекара училищесінде жалғастырады. 1974 жылы жолдамамен еліміздің шығыстағы шекарасында тұрған Үшарал шекара отрядына жіберілген лейтенант алдымен застава бастығының орынбасары, застава бастығы лауазымдарынан өтеді. Ауған соғысы басталған тұста ол Үшарал шекара отрядының саяси бөлімінде қызмет атқаратын.

Ауған соғысына қатысқан шекарашы офицер. Ал 1992 жылы Тәуелсіз Қазақстанның өз Шекара қызметі пайда болған кезде офицер Үшарал шекара отрядын басқарып жүрген. Құсайын Иманғалиұлы бұл басшылық лауазымға соның алдында ғана яғни 1992 жылдың мамыр айында Мәскеуден тағайындалып келген болатын... Ал түп-тура бес жылдан соң мамыр айында... Дегенмен, бәрі рет-ретімен.

... 90-шы жылдардағы шекара мен шекарашылардың өмірі бүгінде көп адамдар үшін аңыз секілді көрінуі мүмкін. Бірақ олай емес. Шындығында шекарашылар қиындықпен бетпе-бет қалды да, тығырықтан шығар жолды жанталаса іздеумен болды. Тапты да.

- Негізі, біз үшін қиындық 1994 жылдан басталған болатын. Өйткені, дәл осы кезге дейін сарбаздар тек өзімізден елден ғана емес, Ресейдің түкпір-түкпірінен де алынатын. Тағы, қолымызда бар азық-түлік, жанар-жағармай қорларының түбі осы кезде ғана көріне бастаған болатын. Екінші үлкен мәселе – бүкіл Одақтан келген мамандардың үдере шетке ағылуы басталды. Ресейге, Украина, Беларуське, басқа да шетелдерге білікті мамандарымыз қайтып жатты.

Сондықтан, енді тығырықтан шығар жолды іздеуге кірістік. Бұл – әрине, өзім басқарған Үшарал шекара отрядына қатысты, – дейді саңлақ сардар бізбен сұхбатында. Ең алдымен шекара заставаларын қажетті офицерлермен мүмкіндігінше қамтуды ойладым. Себебі шекараға ең білікті, өз ісіне жауапты, жеке құрамды дұрыс басқара білетін офицер қажет. Ең тәжірибелі деген прапорщиктердің өзіне мұндай жауапты міндетті сеніп тапсырған жоқпын. Сосын да осы кезден бастап, отрядта да, шекара заставаларында да офицерлерге екі адамның жұмысын істеуге тура келді.

Уақыт өте келе запастағы офицерлер әскери қызметке тартыла бастады. Бізге мамандықтары сай келетін әйелдерді жұмысқа алдық. Кіші лейтенанттарды даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашылып, мұнда ел шебінен тәжірибелі прапорщиктер көптеп жіберіле бастады. Осы өзгерістер қазақ даласындағы шекарашы мамандар даярлайтын бірден-бір әскери жоғары оқу орнына одан да күрделі, жауапты міндеттер жүктеді, үлкен сенім артты. Жеделдетілген курстан өткен жас түлектер бас-аяғы үш жылдан соң толыққанды маман офицерге айналып, шекара отрядтарына жіберілді. Біздің шекара отрядына жіберілген жас лейтенанттар дәстүрлі үш күндік жиыннан соң бірден заставаларға жол тартты.

90-шы жылдардың басында сарбаздардың әскерден қашуы, қызмет орнын өз еркімен тастас кету, Әскери жарғыны белден басу, бір-біріне әлімжеттік жасау секілді оқиғалар жиі көрініс тапқанын да жасырмаймын. Бірақ, бұл – Ресей секілді әскерге ТМД-ның өзге елдерінен келгендердің арасында көп болды. Сонда да Үшарал шекара отряды үздіктердің көшін бастап тұрды. Себебі жоғарыдағы көріністер біздің әскери ұжымда өте аз болатын. Есесіне, біздің өңірлерден алынған жігіттердің салмағы талап етілгеннен әлдеқайда төмен болып келетін. Сондықтан сарбаздардың салмағын көтеріп, оларды қатарға қосу үшін шекара отрядының, заставалардың аумағында қосалқы шаруашылықтарымыз болды. Бақша егіп, балық аулау, аңға шығу, бал жинау арқылы азық-түлік қорларын өз деңгейінен түсірмеуге күш салдық. Отрядтың әйелдері сарбаздарға деп, жеміс-жидек тосаптарын өздері дайындайтын.

Оқу орталықтарында, заставаларда кеңсе заттары: қалам, дәптер жетпеді. Кейбір заставаларда теледизор мүлде жоқ. Дегенмен, біз – офицерлер осы олқылықтардың орнын өз күшімізбен толтыруға тырыстық. Сарбаздарға қажетті қалам, қағаздарды өзіміздің ақшамызға сатып алып берген кездер аз емес. Осының барлығы жауапкершілікті, қиындықта біз бірге екенімізді дұрыс сезіне білгенімізді білдіреді.

***– Сондай қиын сәтте сізге не көмектесті?***

– Қандай жағдайда да өзімнің мамандығыма деген құштарлығым – өз ісіме деген сенімім үнемі күш беріп отырды. Менің айналама ең мықты деген, менің сеніміме селкеу түсірмейтін офицерлердің топтасқаны да өзімнің бағытымның дұрыстығына көзімді жеткізе түсті.

***– 1997 жылы мамыр айында ҰҚК Шекара қызметінде бұрын-соңды болмаған тарихи оқиға орын алғаны белгілі. Бұл – Үшарал шекара отрядының бастығы полковник Құсайын Иманғалиұлы Берқалиевке Елбасының Жарлығымен жоғары әскери атақ «генерал-майор» шенінің берілуі еді.***

– Дұрыс айтасыз, әскери бөлім командирінің генерал шенін алуы – тарихтағы тұңғыш оқиға болатын. Бір айдан соң мен ҰҚК Шекара қызметі Директорының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы болып тағайындалдым. Сол-ақ екен, менің басшылық қызметімнің екінші әрі жауапты кезеңі басталды. Себебі, бұл 1998 жылдан бастап, жаңа шекара аймақтары ашылып, енді шекарашыларға жаңа міндеттер жүктелді. Алдымен батыста Атырау, Ақтау шекара отрядтары құрылып, жаңа заставалар бой көтерді. Бұл кезде біз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағында болатынбыз. Сондықтан, сол кездегі Қорғаныс министрінің ұсынысымен, 1997 жылы Шекара қызметінің қатарына Ақтау қаласындағы әскери-теңіз базасы қосылған-ды.

***– Яғни, ҰҚК Шекара қызметінің тарихында шекарашылар алдымен еліміздің оңтүстігіне емес, батысына жол тартты ғой...***

– Иә, оңтүстікке 1999 жылдың қыркүйегінде алдымен полковник Абай Брекешев бастаған офицерлер аттанды да, солардың аз уақыт ішіндегі қажырлы еңбектерінің арқасында шекара жабылып, осыған дейін еркін жүріп үйреніп қалған контрабандашылардың жолына тосқауыл қойылды.

Ал батысқа шекарашылар жіберуге үлкен дайындықпен келдік. Алдымен, әскери бөлімдер өздерінің әр заставасынан батысқа бір жанұяны дайындады. Содан кейін осы жанұялар Боралдай әуе базасына жиналып, осы жерден Ақтау қаласына әскери ұшақпен аттанды. Мен сізге айтайын, шекарашылардың жанұя мүшелерін батысқа шығарып салуға башылық зор көңіл бөліп, жергілікті шіркеу, мешіттен дін өкілдері шақыртылатын. Олар біздің маңызды міндетпен жолға шыққалы тұрған әріптестерімізге дұға арнап, баталарын берді. Ал оларды Ақтауда өңірлік басқарма бастығы полковник Александр Сәрсембеков қарсы алып, әрі қарай заставаға жеткізіп отырды. Ал әскери техникалар автоколоннамен жөнелтілді.

Мұнда шекарашылар өзерінің жаұняларымен бірге қолдан жасалған жертөлелерде тұрды. Бүгін осының барлы көрген түстей, осыдан 20 жылдай бұрын осындай болды дегенге сенуге қиын. Бірақ шындықтың аты шындық, мұны сол жылдары жаңа ортаға жанұяларымен көшіп барып, жоқтан бар жасаған шекарашы сардарлар біледі. Алдымен Атырау, содан кейін Ақтау шекара отрядтарының ашылу тарихы осындай.

***– Генерал мырза, олай болса оңтүстіктегі шекараның ашылу тарихы да осыған ұқсас болып келеді екен ғой. Дегенмен, бұл кезде ҰҚК Шекара қызметінің жас лейтенанты ретінде айтулы оқиғаның басы-қасында мен де болдым деп айта аламын...***

– Мұндай айтулы ғана емес, тарихи саналатын шаралардың басы-қасында алдымен өзің секілді әскери тілшілердің жүруі – заңдылық еді.

Жалпы оңтүстікке бірінші қадам басушылардың қатарында шекарашылар білім ордасының курсанттары да болған еді. Ол кезде үшінші курсқа өткен курсанттар да жаңа ортада өздерін дәл бір «Мемлекеттік шекара» фильміндегідей сезінгені анық. Ал сол жылдары өзбектер біздің шекара болып танылған жерге егін өсіретін еді де, шекарашылармен қақтығысуға дейін баратын... Контрабандашылармен де ымырасыз күрес басталды.

Құмның ішіне жол салып, қойшылардың қаңырап бос қалған үйлеріне көшіп барған шекарашылардың артынан көп ұзамай шопандардың өздері де жетті. Өйткені, бізбен бірге жарық тартылып, тіршілік нәрі – су пайда болып еді. Шопандардың әйелдері заставаға аспазшы, өздері қазандыққа от жағушы секілді жұмыстарға тұрды. Олардың үйлеріне де электр сымын тартып, жарық кіргізіп бердік.

Тіпті бір жолы мынадай қызық оқиғаның болғаны есімде.

Қызылорда облысындағы құмның ішін мекендеген бір тұрғынның жекеменшік автокраны бар екен. Міне бір күні сол кісі өзінің автокранымен біздің заставалардың біріне келіп, жұмысқа тұрғаны бар. Сөйтіп, өзі де, автокраны да шекарашылардың шекараны қорғау ісіне көп көмегін тигізіп еді. Мұндай оқиғалар көп, айта берсек таусылмайды.

***– Бір көшенің екінші көшеге ұқсай беретіні сияқты шекарашылардың өмірі де бір-біріне ұқсас болып келеді. Дегенмен, ҰҚК Шекара қызметінің артына қалдырған отыз жылы шекарашылардан қажырлы еңбекті, шыдамдылық пен төзімділікті, батылдық пен табандылықты талап еткені анық. Бұл туралы сіздің пікіріңізге құлақ түріп көрсек.***

– Тәуелсіз Қазақстанның шекарасында өткен 30 жыл – шекарашыны сынға салды. Олардан мың ерлікті талап етті. Сөйтіп, мықтылар ғана іріктеліп қалды. Болашақта да Шекара қызметінің сапынан сол мықтыларды көргенді қалаймын. Сонда ғана шекара мен шекарашылар туралы тарихтар жазылып, аңыздар пайда болады. Ал, бұл жас патриоттарды ерлікке бастайды.

**Жазып алған журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**



Жүйрік ойдың жемісі


Сақадай сай техника

# «ҚАЛҚАНДЫ» ЛАГЕРЬ


Лагерь тіршілігі

Биылғы жылдың ең маңызды оқиғаларының бірі – «Қалқан-2021» жедел жаттығуының тамаша қарқыны келе жатқанын көрсетуден жалықпаймыз. Себебі шекарашылардың дархан даладағы қиындығы мен қызығы ортақ өмірінің тынысы біздің назарымызды еріксіз аударады. Подполковник М.Аймағанбетов бастаған арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимыл бөлімінің жеке құрамы «Қалқан-2021» оқу жаттығуына сақадай-сай деп ауыз толтырып айтуға саяды.

Лагерьдің алғашқы қазығы қағылған күннен бастап қарқынды жұмыс жүргізілді. Оның нәтижесі – әскери жарғыға сай лагерьдің соңғы түрқы. Лагерь құрылысына әскерилер өз шеберліктерін де аямағаны көрініп тұр. Тіпті «Қалқан-2021» тас қорғанмен қоршалып, көркейе түскені анық.

Лагерь жеке құрам үшін барлық керек-жарақтармен жабдықталған. Ас үй, жатын орындар, лагерьлік кезекшінің қызмет орны, байланыс орталығы және автотұрақ сынды орындар қоршалып шатырлармен толыққан. «Жүз рет естігенше, бір рет көр» - демекші далалық фоторепортажымызды тамашалаңыздар.


Қарулы лагерь күзеті


Қолымыздан барлығы келеді


Байланыс негізгі құрал


Тәні саудың жаны сау


«Стратегиялық» аймақ






**Фоторепортажды дайындаған аға лейтенант Ө.АЙТӘЛІ. «OS-ЧР».**





ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

*Qazaqstan Táýelsizdiginiń 30 jyldyǵyna – joǵary jaýyngerlik daǵdy men shekaralyq sheberlik!*

*30-летию Независимости Казахстана – высокую боевую выучку и пограничное мастерство!*





# «КЕНДІРЛІ» ҚАЛАШЫҒЫ



«Қалқан-2021» қарқыны бүгінде жоғары деңгейде жүргізіліп келеді, оған дәлел аз уақыт ішінде біршама жұмыстың атқарылуы. ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті Қарақия шекара басқармасына қарасты «Кендірлі» шекара бөлімшесінің аумағындағы арнайы инженерлік топтың жұмысы.

Арнайы техника жер қазу жұмыстарын бастап кетті. Сол маңнан 20-ға жуық шатырлардың қазығы қағылып та үлгерді. Лагерьдің алғашқы жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Оған қоршау мен шатырлар тігу жұмысын атап айтсақ болады.

Біздің түсірілім тобымыз да осы аймақта болып, біршама ақпаратпен қанық болдық. Соларды назарларыңызға фоторепортаж түрінде ұсынуды жөн санадық.

ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті Қарақия шекара басқармасының жеке құрамы аянбай тер төгуде. Подполковник Е.Түгелов пен майор С.Мыңжановтың басшылығымен алғаш болып асхана, жеке құрамның жатын орны, қару-жарақ сақтайтын қоймалар сынды шатырлар тігілуде. Жұмыс жалғастырылып жатыр.







**Фоторепортажды дайындаған майор Е.КАЙБУЛЛИН, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**

# ҚАЛҚАННЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ

# КАСПИЙДЕГІ ПЫСЫҚТАЛДЫ





Шұғыл бұрылыс



Кильватерлік сап



Әскери қызметшілердің бұрын соңды болмаған «Қалқан-2021» жедел жаттығуы ел назарын аудармай қоймады. Жедел жаттығу дайындығының басталғанына да міне бір айдың жүзі болды. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген әскерилер өз алдына қойған мақсатты оқу жаттығуларының соңғы буындарын қатайтуда.

Осы уақыт аралығында біз әскерилердің бірнеше мыңдаған шақырымдарды артқа тастап, олардың жолдағы қиындықтарды қалай еңсеріп белгіленген орынға жеткенін хабардар еткен болатынбыз. Одан әрмен лагерьлердің алғашқы қазығы қағылғаны және оның құрылысының аяқталғаны жөнінде тілге тиек етіп, қалам тербеген едік.

Ендігіде қалқанның Каспийдегі көрінісін өз көзімізбен бақыладық. Қараған жанның көзі жетпейтін қарт Каспийдің бойында ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысына қарасты 1,2 - дивизиондардың дабыл қоңырауы арқылы жүзеге асырылған іс-шараны назарларыңызға ұсынбақпыз.

Еліміздің шекарасын ғана күзетіп қоймай су маржандарының да сақталуына көңіл бөліп жүрген жағалау күзетінің дайындығы жоғарғы деңгейде өткенін осы бір фото суреттерден аңғаруға болады.

ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысына қарасты 1-дивизион командирі подполковник Руслан Кабировтің бұйрығымен, Нұр-Сұлтан кемесінің 3-дәрежелі капитаны Өркен Тастеміровті маневрлік пәрмені арқылы теңіз ортасында кемелердің маневрлік бұрылыстары, кемелердің ұрыс алаңындағы саптық жүрісі, кильватерлік сап сынды бірнеше маневрлері пысықталды. Клиндік сапта жүруі практикада жүзеге асырылды.

1-дәрежелі капитан Талғат Төребаевтың бұйрығымен шекарашылар радио байланыс құралынсыз яғни арнайы симафондық жарық беру арқылы сигналдарды қабылдады.

Арнайы радарлардың көмегімен және карта арқылы белгіленген орынға орналасып заңсыз қаруланған жағадағы топтың күшін жою мақсатындағы атыс жүргізу тәсілдерін алғаш болып іске асырды. Расымен бұрын-соңды болмаған жалпы саны 12 су техникасы қатысқан мұндай іс-шараны шекарашылар еркін әрі жоғары деңгейде меңгергенін көрсетті.

Қарсыластың күшін жою және теңіз ортасындағы маневрлік жұмыстарға «Барыс», «Бүркіт», «Айбар» сынды жоба аясындағы кемелер қатысты. Кемеден жағаға шоғырланған қылмыстық топтарды жою бойынша оқу жаттығулары орындалды.

Түн уақытында кемелер симафон және бақылау жарықтары арқылы байланыс орнатты. Осылайша 48 сағаттан астам уақытта Каспийдегі Қалқанның алғашқы жаттығуы пысықталды. Алда келе жатқан сынақтарға ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысы бойынша дивизиондары дайын екенін дәлелдеді.

**Аға лейтенант Ө.АЙТӘЛІ,**
**«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**



Қарсылас назарда



Доп тиген снаряд



Жедел катердің браконьерлерге аттануы



Клиндік жүріс

«Нұр-Сұлтан» кемесінің атыс жүргізу сәті



Маневрлік бұйрық берілу сәті



Симофондық жарық сигналы



Бағытты анықтау маңызды сәт



Жоғарғы жылдамдықтағы катер «Нұрлы жол». Командирі мичман Василий Калимуллин



Түнгі бақылау шамы. Старшина Алмас Кубеев

# ГЛАВНЫЙ ЭТАП ЖИЗНИ

## или почетная обязанность

Наступает возраст, когда молодым парням предстоит идти служить в армию, защищать свою Родину, своих земляков. И пусть для родителей они еще дети, но с этого момента судьба Казахстана в их руках. Для кого-то это просто слова, но многие из молодежи, и это, поверьте, радует, считают службу в Вооруженных Силах своим прямым долгом и почетной обязанностью.

Для того, чтобы убедиться в правдивости этих слов, мы побеседовали с теми, кто уже отдает свой священный долг Родине на крайних рубежах страны. Бойцы поделились своими мыслями, настроением и впечатлениями о службе.

Рядовой Вячеслав Конопкин родом из г.Петропавловска. Службу проходит в пограничном отделении «Кастек»







Пограничного управления по Карасайскому району Департамента ПС КНБ по Алматинской области.

***- Вячеслав, скажите, в армию Вы пошли по убеждению или по иным причинам?***

- Несмотря на то, что сейчас без военного билета никуда невозможно трудоустроиться, пойти служить для меня было также естественно, как получить образование после школы. И, вообще, избегать срочной службы у нас в семье не принято. Отец мой служил и брат тоже. Теперь настало мое время пройти школу мужества. Я как раз окончил машинно-строительный колледж, когда пришла повестка. Сразу направился в военкомат, где сообщили, что меня отправят служить на границу. Я обрадовался. Ведь именно на границе проходит настоящая служба.

***- Служба повлияла на твой характер, становление личности?***

- Сегодня позади лишь половина срока «срочки». Но и этого периода стало достаточно, чтобы я увидел в себе перемены. Из вчерашнего мальчишки я постепенно вырастаю в мужчину, который несет ответственность за свои действия. Служба на границе приучила меня быть собранным, сдержанным. Я научился ездить верхом, ухаживать за лошадьми, которых, по большому счету, я видел лишь по картинкам. Теперь у меня есть любимец – конь Зазор. Вместе с ним мы выходим в дозор. В плане самообразования я также пересмотрел свои взгляды. Заинтересовался чтением книг. Прочел «Робинзон Крузо» Д.Дефо, «Сорок пять» Александра Дюма, одну из серий романов Дж. Роулинг о Гарри Потере. Считаю, что служба в армии необходима для каждого юноши, кто хочет стать зрелым, сильным. Именно армия придает личности тот стержень, который в дальнейшем поможет преодолевать все невзгоды судьбы.

Земляк В.Конопкина - водитель пограничного отделения «Каргалы» рядовой Д.Смородников призвался в армию также после окончания Петропавловского железнодорожного колледжа. Как оказалось, юноша с детства профессионально занимался футболом, а также посещал секцию по боксу.

***- Дима, а спорт помог Вам в службе?***

- Конечно. Уже с первых дней я осознал, каким добрым другом стал мне спорт. У нас в пограничном отделении



ежедневно устраиваются марш-броски. И тем ребятам, кто не привык бегать, поначалу приходилось очень туго. Для меня же пробежать три и более километра, не составляло труда. К тому же, физическая закалка мне помогает и в преодолении длинной дистанции по горным склонам во время несения службы.

***- Служба на границе – нелегкий труд. Какие у вас впечатления о ратной службе пограничников?***

- Честь и достоинство, мужество и преданность, вера в Отечество и чувство долга всегда были самыми ценными качествами настоящих мужчин. Но именно на границе все эти качества раскрываются в полном объеме. Граница дает понять, что Родина – не просто слова и она нуждается в своих сыновьях. Поэтому я решил после демобилизации вернуться в родной Петропавловск и призваться по контракту в местный Департамент ПС КНБ.

***- А как складываются отношения в воинском коллективе?***

- Служба в пограничном отделении сплачивает нас всех. Мы здесь, на самом деле, как единая семья. Конечно, среди бойцов преобладает количество коренного населения Казахстана из поселков, которые разговаривают на государственном языке. Но для меня это не является барьером. Я с детства дружу с казахами и общаюсь с ними на казахском. Это тоже дает свои положительные моменты. Мы все на одной волне, понимаем все шутки и приколы друг друга. Да и приказы понимаешь четко, нет необходимости переспрашивать, ждать перевода. Считаю, что владеть государственным языком необходимо каждому казахстанцу, независимо от национальности.

Подготовленным к службе в армию прибыл сослуживец Дмитрия, рядовой Владислав Синичкин. И не только морально и физически, но и со знанием армейских азов.

- Еще во время учебы в школе я активно участвовал в кружке «Юный друг пограничника». Во время занятий научился быстро и четко разбирать и собирать автомат Калашникова, ходить строевым шагом, надевать ОЗК. Вкусил и «службу» в полевых условиях – участвовал в двухнедельных сборах на полигоне «Спаск», где проводилась для допризывной молодежи «Военно-патриотическая игра». После учебы в железнодорожном колледже г.Петропавловска, успел поработать помощником машиниста поезда. А, когда в военкомате прочли мою характеристику, то сказали, что с такими навыками достоин служить на границе. Так я был направлен в Пограничную службу КНБ, - поделился своей историей рядовой В.Синичкин.

***- И как помогли в службе все твои знания и навыки?***

- Когда проходил курс молодого бойца в Пограничном управлении по Курчумскому району, мне было скучновато. Ведь я, почти все чему учили там, уже знал. В основном усилия приложил на изучение устава, тактики пограничной службы и воинской специальности. Но я до конца не понимал для чего мне это необходимо. Когда же перевелся на границу, то все знания пригодились во время несения службы по охране границы. Там волей неволей вспоминаешь все правила и требования. От этого и действия становятся увереннее.

***- Но сложности были же, наверняка? Именно они же и закаляют бойца.***

- Скрывать не буду, для многих очень сложно было первое время рано утром вставать, быстро заправлять постель, а потом еще и зарядку делать при любой погоде. Плюс к этому подчинение старшим по званию. Безусловно, армия с ее тяготами и лишениями закаляет характер, но еще больше лично меня меняет та огромная ответственность по защите и охране рубежа, которая легла на мои плечи вместе с зелеными погонами.

**PS.** Да, несомненно, именно армия воспитывает крепких телом и духом защитников Отечества. И бойцы границы это вполне осознают и признают. Поэтому служба для них – важный этап жизни и почетная обязанность, а не просто способ получить военный билет, чтобы устроить в дальнейшем свое будущее.

**Старший лейтенант Б.МОЛДАХМЕТОВА, фото Т.ДАУЛЕТБАЕВОЙ, «OS-ЧР».**

Катарда туристерді тарту үшін ұзындығы 3,5 шақырым болатын қала салынып жатыр



**Лейтенант Н.Фергалимов:**

# «ҚОЛДАУДЫ СЕЗІНУ – КҮШ БЕРЕДІ!..»



**Біздің сұхбаттасымыз лейтенант Николай Фергалимов ҰҚК Шекара академиясының 2020 жылғы түлегімен болмақ. Жас офицер қазіргі таңда Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қастек» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметін ойдағыдай атқарып келеді.**

Бізді ең алдымен офицердің әлеуметтік жағдайы қызықтырды. Бұл – ең алдымен биылғы жылдың еншісіндегі жағымды жаңалықтарға қатысты. Атап айтар болсақ, үстіміздегі жылдан бастап, ҰҚК Шекара қызметінің сапында қызмет атқаратын әскери қызметшілердің айлық жалақысы айтарлықтай деңгейде көтерілген болатын. Сондай-ақ, шекарашыларға қатысты әлеуметтік сауалдар да біртіндеп шешіліп келеді.

- Осының барлығы жоғары басшылық тарапынан жасалып жатқан қолдау екенін сезіну – әсіресе бізге – жас офицерлерге ерекше күш-жігер береді, дейді лейтенант Н.Фергалимов. Биылғы жылдан бастап, менің айлығыма 100 мыңнан астам теңге көлемінде үстеме ақы қосылды. Қазіргі таңда мен шекара бөлімшесінің офицерлер құрамына арналған қызметтік пәтерінде тұрамын. Болашақта қызметімді басқа өңірге ауыстырған жағдайда немесе қалалардың бірінде пәтер жалдап тұру қажет болса онда бұл сауал да мен үшін көкейкесті болудан қалған. Себебі жалдамалы пәтердің құны да мемлекет есебінен төленетін болады. Тағы бір мүмкіндік, мен қалаған уақытымда әскери қызметшілерге арналған бағдарламалар бойынша төмен пайызбен несиелік үй сатып ала аламын.

**Биылғы жылдан бастап, менің айлығыма 100 мыңнан астам теңге көлемінде үстеме ақы қосылды. Қазіргі таңда мен шекара бөлімшесінің офицерлер құрамына арналған қызметтік пәтерінде тұрамын. Болашақта қызметімді басқа өңірге ауыстырған жағдайда немесе қалалардың бірінде пәтер жалдап тұру қажет болса онда бұл сауал да мен үшін көкейкесті болудан қалған. Себебі жалдамалы пәтердің құны да мемлекет есебінен төленетін болады.**

Айта кеткеніміз абзал, жас офицерді «Отан қорғаушы» мамандығына шекарашылардың ел шебіндегі атқаратын қызметі қатты қызықтырса керек.

- Мен дүниеге шекара аймағында келдім. Жанұяда ұлдан жалғызбын. Әке-шешем қарапайым жандар. Біздің ауылға жақын жерде «Өрел» деп аталатын шекара бөлімшесі бар екенін бала кезімнен білетінмін. Бірақ өзіне бірде-бір рет барып көрген жоқпын. Есесіне, бір жолы «Өрел» шекара бөлімшесінен офицерлер келіп, жоғары сыныптың ұлдарымен кездесу өткізді. Осы кездесу кезінде шекарашылар бізді өздерінің қатарына шақырды. Білесіз бе, офицер бізге «Отан қорғаушы» мамандығының маңызын құр сөзбен түсіндіріп қана қойған жоқ. Шекарашылар шақырымдарға созылып жатқан шекара бойын қызмет итінің көмегімен күзететінін, ең бастысы бұл үшін сенің бойыңда Отаныңа деген патриоттық сезімің болса жеткілікті екенін тілге тиек етті. Осыдан кейін мен «өзімді жас патриот санаймын, ендеше неге мен де Отанымның бір қажетіне жарамасқа?», - деген ойға тірелдім...

Сол кезден бері өзімнің дұрыс таңдау жасағаныма талай мәрте көзім жетті. Бүгін ата-анам мені «біздің ұлымыз шекарашы» деп мақтаныш етеді.

Қазір мен өзімнің қызметіме алаңсыз берілдім. Әрине, үйленуге әлі жаспын. Алдымен өзімнің Отаныма пайдамды тигізу үшін жастық күш-жігерімді шекараның күн мен түнге жалғасқан ауыр қызметіне арнағым келеді. Қалғаны сосын...

Міне, бізбен осылай деп бүкпесіз сұхбаттасқан лейтенант Николай Фергалиев ел шетіндегі шекарашылық қызметіне ғана емес, өзінің әлеуметтік жағдайына да разы. Ең бастысы, шекарашы офицер ҰҚК Шекара қызметінің басшылығы тарапынан үлкен қолдауды сезініп үлгерген. Бұл – шынында да шекара соқпағына жаңа түскен жас офицер үшін демеу, күш болмақ.

***Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.***

# В строю по доброй воле

В Департаменте Пограничной службы КНБ по Павлодарской области служит около 40 женщин в погонах. Военнослужащих этой категории привычно видеть на должностях медика, связиста или психолога. Но на сегодняшний день представительницы прекрасного пола ответственно несут службу во всех отделах Департамента и подразделениях границы.Своим профессионализмом и четким исполнением служебных обязанностей они ни в чем не уступают мужчинам.



Профессионализм в войсках – понятие более многогранное, нежели в гражданской сфере. Самые непростые грани – равенство мужчин и женщин при несении военной службы, порядок назначения на должности и объем выполняемых обязанностей. Профессионалом своего дела можно назвать ответственного исполнителя службы горюче-смазочных материалов Департамента сержанта Любовь Ахметову. Сержант Л.Ахметова в рядах Пограничной службы с сентября 2002 года.

Любовь Александровна занимается вопросами обеспечения ГСМ автотехники Департамента и подразделений границы, своевременно и качественно ведет учетную документацию по ГСМ, контролирует расход горючего и смазочных материалов и проводит мероприятия по их экономному расходованию. За годы несения службы сержант Л.Ахметова не совершила ни одного срыва обеспечения материалами ГСМ и соответственно работу техники.

Любовь Александровна родилась в городе Павлодар, в 1994 году окончила Павлодарский агропромышленный техникум по специальности «техник-технолог». Воспитала 2 детей, всегда успевала совмещать службу и семью. А в службе успевала совмещать работу и активно принимать участие в различных праздничных мероприятиях, т.к. являлась постоянным членом женсовета части. Она отличается высочайшей ответственностью, скрупулезно обращает внимание на мелочи, безукоризненно выполняет служебные обязанности и наравне с мужчинами стойко переносит все испытания воинской службы.

- Служба в армии – это состояние души и как в любви: сердцу не прикажешь. Поэтому в армию я пришла по призванию и стала в строй наравне с мужчинами по доброй воле, думаю, поэтому я незаметно перешагнула 18-летний рубеж службы в пограничном ведомстве. За годы службы я ни разу не пожалела о сделанном выборе. Да, наша служба и ответственна, и сложна, но, с другой стороны, это и стабильность в получении заработной платы, и гарантия в обеспечения социальным пакетом услуг за счет государства. А с этого года, это повышение заработной платы на 75%. Я ощутила реальную радость, получив январскую зарплату, это дало мне большую уверенность в завтрашнем дне. Я еще раз убедилась, что служу во благо Родины не просто так - я под надёжной защитой, - делится Любовь.

**«Служба в армии – это состояние души и как в любви: сердцу не прикажешь. Поэтому в армию я пришла по призванию и стала в строй наравне с мужчинами по доброй воле, думаю поэтому я незаметно перешагнула 18-летний рубеж службы в пограничном ведомстве. За годы службы я ни разу не пожалела о сделанном выборе.**

**Майор А.БАГДАТОВА, «OS-ЧР». Фото автора.**

Әділет Шалғынбекұлы 62 келі салмақ дәрежесінде белбеу күресінен бес дүркін ел чемпионы атанды

# САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ




Мемлекеттегі эпидемиологиялық жағдай нашарлағандығын айтып, мамандар тағы да дабыл қағуда. Себебі елдегі COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуы бойынша ахуал өте нашар. 11 наурыздан бері Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары «қызыл аймаққа» енгізілді.

ҰҚК Шекара қызметі Әскери-медициналық басқармасының хабарлауынша, шекарашылар арасында инфекция жұқтыру фактілері күннен-күнге артып келеді.

Дәрігерлер әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында келесідей сақтандыру шараларын орындауға кеңес береді:

- әрбір әскери қызметші бір реттік бетперделерді міндетті түрде тағып жүру;
- қоғамдық арақашықтықты (1,5-2 метр) сақтау;
- жеке және қоғамдық гигиенаны сақтау (қолды сабындап жуу, антисептикпен залалсыздандыру):
- әріптестермен және басқа тұлғалармен қол алысып сәлемдесуді тыю;
- жиындар мен мәдени-топтық іс-шаралардан ұйымдастыруды доғару;
- көп адам шоғырланған (ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, театрлар, түнгі клубтар, сауда орындары, рестораңдар, спорт кешендері, т.с.с);
- бөлімшелердің аумағына бетпердесіз кірмеу.

Ережелерді қатаң сақтау арқылы өзіміз бен жақындарымыздың өмірі мен денсаулығын қауіптен арашалайтынымызды ұмытпайық.

**Майор Р.ҚАБДОЛДАНОВ, «OS-ЧР».**

# ЕСІРТЕТІН ЗАТҚА ЖОЛ ЖОҚ



**ҰҚК Батыс Қазақстан облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің қабырғасында, әскери қызметшілер арасында есірткі және канобиоидтық заттарды қабылдамау үшін, әскери полиция мен тәрбие және идеологиялық бөлімі алдын алу шараларын өткізді. Санитарлық бөлімде, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің емханасынан арнайы медицина қызметкері шақыртылып, 15 әскери қызметшіден жедел есірткі заттарын алдын алу мақсатында тест алынды. Тест нәтижесі бойынша 100% теріс нәтиже көрсетті.**

Тәрбие және идеология бөлімінің консультанты майор Ғани Кадырхановтың айтуынша бұндай іс-шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. Бұл шараның басты мақсаты шекарашылар арасында есірткі қабылдауды болдырмау және алдын алу. Жыл соңына дейін Батыс Қазақстан облысы бойынша барлық шекарашыларды тестілеуден өткізу көзделіп отыр.

**Лейтенант А.ҚҰРМАШ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.**

# ҚЫЗМЕТІМІЗ – БЕС

САРБАЗ ХАТЫ

**Әкешім, анашым қалдарыңыз қалай? Әскердегі ұлдарыңызды сағынған боларсыздар? Мен де сіздерді қатты сағындым. Атамның, іні-қарындастарымның жағдайы қалай? Ал менде бәрі жақсы, уайымдаудың қажеті жоқ.**



Оқу орталығынан кейін ары қарай қызметімізді жалғастыру үшін құрлық пен суды қатар күзеткен Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті Қарақия шекара басқармасына қарасты «Кендірлі» шекара бөлімшесіне келіп орналастық. Жаңа орта, жаңа достар барлығымыз бір үйдің балаларындай араласып кеттік.

Ерекшелігі бөлімшеміз аты әлемге танымал қарт Каспийдің жағалауында орналасқан. Тұрған жеріміздің табиғаты ерекше, сұлулығын, жартастан қараған кездегі көріністі сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл жерді көрген адам ғана мені түсінеді.

Әскери өмір мен ойлағаннан да қызығырақ екен. Сіздер қорқатын немесе уайымдайтын еш себеп жоқ. Бәріміз бір үйдің балаларындай, бөлімшемізді кейде бір көпбалалы жанұяға ұқсатамын. Әркімнің өзінің міндеті бар. Мысалы мен техникалық бақылау тобының байланыс операторымын, менің атқаратын негізгі қызметім теңізде жүрген белгісіз нысандарды, кемелерді анықтаған жайдайда дер кезінде баяндап отыру және олардың бағыттарын бақылау. Бір сөзбен айтар болсақ, қызметіміз – бес. Біз үшін барлық жағдай жасалған. Заманауи техникалармен қамтамасыз етілген. Жалпы мен қызмет атқаратын «Кендірлі» шекара бөлімшесі өткен жылдың қорытындысы бойынша «Ең үздік шекара бөлімшесі» атанған екен, осының өзі барлық сұрақтарға жауап шығар деп ойлаймын.

Барлықтарыңызды келіп жеткен жыл басы Наурыз мейрамымен және де Анашым сізді алда келе жатқан «жеке меншік» мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймын.

Сіздерді, ауылымды сағындым. Барлық туыстарға сәлем жолдаңыз. Амандық болса қызметімді абыроймен бітіріп орталарыңа ораламын. Әскерден ұлдарыңыз - Алтынбек.

**Жазып алған майор Е.КАЙБУЛЛИН, «OS-ЧР», Суретті түсірген автор.**

# Шекара мәселелері – әкімдік назарында

Үстіміздегі жылдың 12 наурызында ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша Департаментінің «Қуаңдария» шекара бөлімінің жауапты аумағына қатысты Қазалы ауданы әкімдігімен шекаралық мәселелер жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысы өткізілді.



Кеңес ауданы әкімінің орынбасары Ж.Сүйебаев мырзаның төрағалығымен өткізіліп, күн тәртібінде мемлекеттік шекараның беріктігін қамтамасыз етудегі атқарылып отырған құқық-бұзушылықтың алдын-алу іс-шаралары талқылауға алынды.

Департаменттің «Қуаңдария» шекара бөлімінің бастығы майор Б.Абдрахманов шекаралық аймақ, уақытша болу, жүріп-тұру және жұмыс жасауда белгіленген режимдік талаптарды сақтау тәртібін жеткізді. Сонымен қатар, шекарадан заңсыз өту, заңбұзушылықтарды болдырмау мақсатында шекаралық аймақтағы азаматтардың, яғни ерікті жасақтардың, жергілікті атқарушы орган қызметкерлерінің шекарашыларға ақпараттық демеуді дер кезінде көрсетулері мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін сақтаудағы маңыздылығын атап өтті.

Былтырғы жылы Шекара қызметінде жүргізілген оңтайлы реформалардың нәтижесінде, бүгінгі күні әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайлары жақсарғандары туралы, жалақыларының көлемі айтарлықтай көтерілгендігі, зейнеттік демалысқа ертерек шығатындықтары жөнінде, вахталық қызмет, тұрғын үй мәселелері мен басқа да жеңілдіктер жайлы айтылып, денсаулық жағдайлары әскери қызметке жарамды жастарды шекара қызметіне келісімшарт бойынша жұмысқа орналасуларына шақырылды. Бұл іс-шара аталған шекара Департаментінің басшылығы тарапынан ҚР ҚК Бас қолбасшысы - Президентіміз Қ.Тоқаевтың халықты жұмыспен қамту жөніндегі бағдарламасының да орындап жатқандықтарының айғағы.

Кеңес төрағасымен күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты ұсыныс-пікірлер тыңдалып, айтылған іс-шаралар негізінде тапсырмалар берілді.

**Капитан Т.СЕРІКҚАЛИЕВ, «OS-ЧР».Суретті түсірген автор.**

## КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗАЙЫҚ!

**Редакция мекен-жайына ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментінен әріптесімізге ақшалай материалдық көмек көрсету қажеттілігі туралы өтініш келіп түсті.**

ШҚО бойынша департаменті Үржар ауданы бойынша Шекара басқармасының әскери қызметшісі аға сержант Самат Бейсенбаевич Алимхановтың жұбайы Марал Слямнабиовна Жаирбаеваның сырқаттан (диагнозы: Шарп синдромы, Рейно синдромы) емделуіне қаржылай көмек қажеттілігі туралы өтініші келіп түсті.

Қаражат жолдайтын есеп шот:
MARAL ZHAIRBAYEVA
KASPI GOLD 4400 4301 7819 5076
Тел: 8775 239 22 82
Алимханов Самат Бейсенбаевич
ИИН: 770825301607
JYSAN BANK 5356 5020 0967 0609

Оның жұбайының науқастануына байланысты туындап отырған мәселені өз бетінше шешуге қаржылық мүмкіндігі жоқ. Баршамыз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, көмек берейік әріптестер!

» Шымбұлақ тау курорты 12 сәуірге дейін жұмысын тоқтатты



# Ардың жүгі ауыр...

Неге біз?.. Салмағы сұрапыл сауалды қойып келе жатқанымызға қаншама жылдың жүзі болып барады. Алдағы жылы ҰҚК Шекара қызметі өзінің 30 жылдық мерекесін тойлайтын болады. Ал мұндайда ең алдымен шекарашылардың қастерлі ел шебіндегі тындырған істері, қол жеткізген ауқымды жетістіктері ауызға алынады. Осы 30 жылдың ішінде ерлікпен қаза тапқан шекарашы сардарлар мен сарбаздар, бейбіт күннің өзінде жанқиярлықтың тамаша үлгісін танытқан әріптестеріміз туралы біз де аз қалам тербемейтін боламыз... Өкінішке орай, «бес саусақ бірдей емес» демекші, біздің арамыздан шекарашы атына дақ түсірген әскери қызметшілердің арагідік болса да қылаң беріп қалатыны жасырын емес.



Иә, ардың жүгі ауыр... Қолмен жасағанды мойынмен көтеруге тура келеді. Осындайда:

«Біз – шекарашымыз!

Біздің артымызда туған жеріміз бейбіт тыныстап жатыр. Біз осы тыныштықты қорғау үшін күні-түні шекара шебіндеміз...» деп, жаһанға жар салатынымыз қайда?

Ендеше, біздің сапымыздағы кейбір әріптесіміз неге қылмыс жасап, соттың алдында тұруға мәжбүр?! Неге? «Біз – Отанымыздың қайсар ұлдары, қолымыздан барлығы келеді. Өйткені біздің қастерлі шекарамыз бізден осыны талап етеді», - дейміз де, арамыздан шыққан әлдебір «пысықай» шекарашылардың жылдар бойы тірнектеп жинаған абыройын шелектеп шашады... Неге? Оларға мұндай құқықты кім берді!

ҰҚК Шекара қызметі тәлімгерлерінің жүргізген жұмыстарына қарамастан, өткен жылы 50-ден астам әскери қызметші қылмыстық жауапкершілікке тартылып, сотты болыпты. Мынаны қараңыз, өткен жылдың тек қана наурыз айының өзінде жемқорлықпен күдікке ілінген 30-ға тарта шекарашыға әділ сот үкім кескен.

Ал биылғы жыл өкінішке орай тағы да қылмысқа барған шекарашыларымыздың ісін «май шаммен қараумен» басталған. Сөйтіп, жыл басынан бері бірнеше әскери қызметшіге Әскери сот жаза арқалатты. Оның екеуі шен таққан офицер болғаны қандай өкінішті...

Нәтижесінде, қос офицердің бірі өзінің «капитан-лейтенант» деген шенінен айырылды. Өйткені Каспий теңізінің таудай толқындарымен арпалысудың орнына теңізші қоғамдық орындарда шу шығарып, азаматқа жұдырық ала жүгірген.

Офицерге қатысты екінші оқиға да көңілге қаяу салады. Ең сорақысы, бұл - жас лейтенант. ҰҚК Шекара академиясының қабырғасында төрт жыл білім алып, өзінің алғашқы шекарашылық қызметін Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының шекара бөлімшесінде бастаған лейтенант өзінің қарамағындағы сарбазға қол көтерген. Оған бұлай етуге ҚР ҚК Әскери Жарғы талаптары үзілді-кесілді жол бермейді. Сосын да Әскери сот жас офицерді бас бостандығынан үш жылға шартты түрде айырды.

Осы жерде сәл шегініс жасасақ. Егер де осы офицер (енді бұрынғы) аталмыш қылмысқа шекарашылар академиясының қабырғасында жүріп барғанда, ол өзінің иығындағы погонынан орталық алаңға сап түзеген курсанттардың көз алдында айырылған болар еді. Ал, өз қаруластарының көз алдында иығындағы погоны жұлынған курсант үшін бұл – ардың отына өртену!

Өкінішке орай, екі офицер де өздерінің қызба мінездерінен опық жеді. Десек те екеуі де сол сәт ойлады ма екен, өздерінің осы қылықтарымен «Отан қорғаушы» деген мамандыққа сызат түсіргендерін, бұл аз дегендей жақын адамдарының көңілдеріне қылау, жүректеріне мұң салғандарын... Ардың арқалаған жүгінің ауыр екенін ше...

Тағы бір офицер шекарашылар сапында қызмет атқаруға тілек білдірген үміткерден ақша бопсалайды. Осы қадамы үшін енді өмір бойы опық жеп өтетіні бір өзіне аян!

Иә, құрметті оқырман! Ел шебінің қорғандары! Шекарашы әріптестер!

«Біз – шекара үшін актық деміміз қалғанша қызмет атқаратын патриотпыз!» Ендеше, ар азабын өмір бойы арқалағанша, жүзіміз ашық, мамандығымызға адал болайық!

**Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Сурет редакция мұрағатынан.**

# БЕЗОБИДНЫЕ ПРИЧИНЫ БОЛЬШОЙ БЕДЫ

**или как не допустить ДТП по собственной беспечности**

Дорожно-транспортное происшествие – не самый приятный вид «боевого крещения» автолюбителя, так как в условиях ежедневного увеличения количества автомобилей на улицах избежать его редко кому удается. Особенно обидно становится водителю, когда ДТП совершено по его вине, глупости и непредусмотрительности. Так как, кроме материальных затрат на восстановление автомашины и выплату штрафов, уходит еще и бесценное время.

Поэтому для избежания дорожно-транспортного происшествия каждому автолюбителю непременно необходимо знать, что же может послужить причиной их возникновения и как свести вероятность попадания в них к минимуму.

Разберем основные с виду безобидные причины, увеличивающие шанс попадания в дорожно-транспортное происшествие:

**Курение за рулем**

Курящий водитель непроизвольно отвлекается, чтобы стряхнуть пепел, не испачкать им обивку салона и одежду, чтобы выкинуть сигарету. Давно установлено, что безопасным является отвлечение от дороги не более чем на две секунды, а все манипуляции с сигаретой занимают заметно больше времени. Кроме того, сигаретный дым может попасть в глаза, а это уже очень серьезно, раздражение слизистой глаза заставит любого отвлечься. Кроме того, выброшенный в окно окурок, например, летом, когда открыты окна, может с порывом ветра залететь обратно в салон и вызвать возгорание элементов салона автомашины или явится причиной пожара, попав на траву. Также на заметку любителям покурить за рулем напоминаем, что за выброшенный в ветровое стекло окурок, согласно законодательству РК полагается административный штраф.

**За рулем с телефоном**

- Разговор и переписка по телефону, несмотря на запрет использования телефона во время управления водителем автомашиной, закрепленный в Казахстане на законодательном уровне, данный вид нарушений совсем не редкость. Также с появлением специальных приспособлений и гарнитур для разговора по телефону во время езды они не спасают водителя от рассеянности и ухудшения реакции, которые возникают во время разговора, а при переписке опасность попадания в ДТП в разы увеличивается.

Проведенные ученными эксперименты показали, что снижение активности коры головного мозга у человека занятого телефонным разговором аналогичны снижением активности мозга человека находящегося в состоянии опьянения.

**Манипуляции с проигрывателем и громкая музыка**

Музыка не только отвлекает, она заглушает звуки вокруг автомобиля. Человек воспринимает окружающее пространство всеми шестью органами чувств и блокирование даже одного канала чревато легкой дезориентацией. Чем может обернуться легкая дезориентация на большой скорости или в плотном потоке, думаю, объяснять не стоит, также при громком прослушивании музыки человек не слышит даже явные технические неисправности автомашины, возникающие в процессе движения, что также может являться причиной ДТП.

**Еда за рулем**

И тут самыми опасными являются, на первый взгляд самое удобное и легкодоступное питание: горячий кофе, чай и гамбургеры с бутербродами. При возникновении аварийных ситуаций, даже если удалось избежать столкновения, высока вероятность пролить на себя стакан горячего напитка и получить термический ожог.

Также высокие шансы попасть в ДТП у водителей, имеющих привычку во время движения доставать что-то с заднего сиденья, разглядывать обочины дороги, сверяться с картой и настраивать GPS навигатор.

Надеемся, что вышеперечисленные, безобидные действия будут взяты водителями на заметку и в повседневной жизни у них не будет возникать больших проблем из-за этих глупых мелочей. Согласно статистике проведенной британскими исследователями даже простое чихание за рулем становится причиной аварий в мире, равное 2%.

**В. ШУКЛИН, Департамент военной полиции КНБ.**

OTAN SAQSHYSY
Часовой Родины
**ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті**
**Меншік иесі:** Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
**Редакцияның мекенжайы:** Нұр-Сұлтан қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
**Телефондар:** Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
**Жауапты хатшы:** 8 (7172) 72 81 57
**Бөлімдер:** 8 (7172) 72 81 56
**E-mail:** os-chr@yandex.kz
**ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:** gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

**Бас редактор:** Радик Кагенов
**Жауапты хатшының МУА:** Бахтияр Сулейменов
**Тілшілер:** Қуаныш Тұрапов, Рауан Қабдолданов, Азамат Мұқанов, Жанар Кемел, Ахат Анелханов
**Меншікті тілшілер:**
**Алматы -** Бекзат Молдахметова, Тамара Дәулетбаева
**Шымкент -** Рауан Нұрмет
**Ақтау -** Ерсін Қайбуллин
**Атырау -** Өмірбат Айтәлі
**Қостанай -** Манарбек Қарекенов
**Павлодар -** Анар Бағдатова
**Өскемен -** Анар Карменова
**Тараз -** Жасұлан Жаркенов
**Орал -** Азат Құрмаш
**Қызылорда -** Темірлан Серікқалиев

**Фототілші:** Асхат Сәбиев
**Компьютерлік безендіру және беттеуші:** Айдос Қырғызбаев
**Корректорлар:** Баян Солтанова, Диана Джаманкеева
**Нөмірдің кезекші редакторлары:** майорлар А.Мұқанов, Б.Сулейменов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.

**Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.**

Газет "OS-ЧР" компьютер орталығында теріліп, беттелді.

# ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ШЕКАРАСЫНДА

## Шекаралық өзара іс-қимыл кеңсесі ашылды



2021 жылғы 30 наурызда Түркістан облысында ҚР СІМ бастамасымен Біріккен ұлттар ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЕҚБ) мен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бірлесіп, Б.Қонысбаев өткізу пунктінде Шекаралық өзара іс-қимыл кеңсесінің (ШӨК) ашылуын өткізді.

Іс-шараға БҰҰ ЕҚБ-ның Орталық Азиядағы өңірлік өкілі Ашита Миттал, бағдарламаның халықаралық үйлестірушісі Юсуф Курбонов, сонымен қатар ҰҚК Шекара қызметі директорының орынбасары полковник Қ.Далматов қатысты.

ШӨК қызметі шекаралық ынтымақтастықты халықаралық деңгейде кеңейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ шекарада ұйымдастырылатын іс-шараларға өзара қатысуға ықпал етеді.

Бұл жұмыстың мақсаты негізгі бақылау-өткізу пункттерінің (БӨП) әлеуетін күшейту жолымен Ауғанстаннан солтүстік бағыт бойынша апиын трафигіне қарсы тұру болып табылады.

Сонымен қатар, «Сарыағаш» бақылау-өткізу пунктінде интерактивті сыныптың тұсаукесері өтті. Бұл құқық қорғау тақырыбындағы кешенді оқыту бағдарламасы БҰҰ ЕҚБ-ның өңірдегі есірткіні бақылауға және қылмыстың алдын алуға бағытталған жалпы стратегиясын қолдайды, оны нығайтады және байланыстырады.

Интерактивті сынып Орталық Азия мемлекеттерінің құқықтық, процессуалдық, тілдік және мәдени ерекшеліктеріне бейімделген.

**Капитан Р.НҰРМЕТ, «OS-ЧР».**
**Суреттерді түсірген автор.**

# ПРАЙМ-ТАЙМ ДЛЯ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА

Поступление корреспонденции в адрес Пограничной службы с различными вопросами о порядке пересечения границы и обращениями – не ново. Часто мы принимаем письма, где люди выражая свою признательность, наполняют ее теплом и откровенной благодарностью за оказанную помощь или проявленный профессионализм стражей границы.

Недавно редакция ведомственного издания среди сотен писем обратило внимание на одно отправленное жительницей поселка Нура, что в Карагандинской области Ольги Шаповаловой.

Откровенно говоря, мы не могли не придать значение именно этому обращению семьи Шаповаловых. Дело в том, что месяцами ранее сын Ольги Тимур, окончив школу и пройдя службу в одном из подразделений казахстанской армии, долгое время не мог трудоустроиться в родном крае. Перебиваясь различными мимолетными заработками, парень уже было потерял надежду найти достойную работу с достойной оплатой. И вдруг в один из солнечных зимних дней, листая страницы социальных сетей, в поисках работы он наткнулся на платформу сайта, где увидел объявление о призыве кандидатов на работу в Пограничную службу КНБ РК.

Вначале парень сомневался, что без наличия высшего образования ему не удастся оказаться в подразделении органов национальной безопасности, но большое желание и стремление преобладало. Так, Тимур созвонился и в скором времени был приглашен заместителем начальника отдела пограничного контроля «Караганда» майором А.Шакишевым на собеседование. В итоге, парень, собрав все необходимые документы и пройдя весь цикл медицинской проверки был призван в ряды Пограничной службы.

Сегодня сержант Т.Шаповалов успешно несет службу на краю Родины и стережет тишину и покой мирных граждан северной границы.

Мама Тимура Ольга всегда и во всем поддерживает сына и этому выбору безумно рада и счастлива, горда тем, что ее сын – защитник рубежей Родины. Она очень благодарна офицерам Пограничной службы за предоставленную возможность в трудоустройстве молодых и перспективных ребят из сел и аулов.

В своем письме Ольга Шаповалова лично выражая признательность руководителю ведомства заместителю Председателя КНБ РК - Директору Пограничной службы генерал-лейтенанту Дархану Дильманову желает пограничникам успехов в ратном труде по надежной защите и охране рубежей.

Беззаветная преданность своему делу, «зеленому канту», высокая компетентность и профессионализм стражей границы всегда будет оставлять чувство благодарности и почтения у соприкасающихся с нашим ведомством людей.

**Майор К.ТУРАПОВ, «OS-ЧР».**

ӘСКЕРИ ОЙЫН

# Қайрат пен төзім сынға түсті

**Шекара сақшылары үшін кәсіби және жауынгерлік дағдыны үнемі жоғары деңгейде ұстау – басты мақсаттардың бірі болып саналады. Білімінді нығайтуда «Қайталау – білім анасы» деп жатамыз, ал әскери ортада «Жаттығуда қиын болса, ұрыста оңай болады» деген қанатты сөз кеңінен тараған.**



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қостанай облысы бойынша Департаментінде әскери қызметшілердің кәсіби және жауынгерлік дағдыларын жетілдіру мақсатында «Шекаралық әскери ойындары-2021» сайысы өткізілді.

Бірінші күні шекара бөлімшелерінен жарысқа сақадай-сай дайындалып келген әскери қызметшілерге қауіпсіздік ережелері жеткізіліп, сынақ қабылданды. Содан кейін шекара қырандарына алда күтіп тұрған байқау шарттары түсіндірілді. Күн тәртібінің жоспары таныстырылды. «Шекаралық әскери ойындары-2021» сайысы салтанатты түрде ашылу шарасы өтті.

Екінші күні жарыс отының көрігін қыздырған қарымтаға толы күн болды. Қарудың түр-түрін мемлекеттік шекараны күзету ісіне пайдалануда жатық шекарашылар бұл жолы өздерінің шеберліктерін көрсетті. Жауға қарсы ұтымды пайдаланылатын күрделі қаруды белгілі бір уақытта жартылай шашып-жинау сынағынан сүрінбей өтті.

Келесі сынақ «Іздеу тобының ізді анықтау кезіндегі қызметті ұйымдастыру» кезеңі деп белгіленді. Төрт



әскери қызметші қатысқан сынақта солардың біріккен жұмыстарын бағалау қажет болды. Құрамында шекарашының төрт аяқты серігі – қызметтік ит те бар. Олар екі сағат бұрын түскен ізбен үш шақырым қашықтыққа жасырынған адамды табуы қажет. Іздеуге 30 минут



берілген.

Одан кейінгі кезең, шаңғымен қашықтыққа жарысқан әскери қызметшілердің нысананы дәлдеп атуы. Бұл жерде қатысушылардың төзімділігі мен мергендігі сынға түсті. Жарыстың соңы сегіз әскери қызметшіден құралған топ жетекшілерінің оқпанды гранатометтен дәлдеп атулары бойынша машықтарын байқау кезеңімен аяқталды.

Сонымен «Үздіктің де үздігі болады» демекші, кілең спортты жанына серік қылған, кәсіби білімі терең саңлақтардың арасынан жеңімпаздарды анықтау оңай болмады. Дегенмен жарыстың аты жарыс. Алған бағаларына сай жүлделі орындарды бөлу керек.

І орынды арнайы мақсаттағы ұтқыр іс-қимыл тобы иеленсе, ІІ орынның тұғырынан «Қарабалық» шекара бөлімі көрінді. Ал ІІІ орын «Жітіқара» шекара бөліміне бұйырды.

**Майор М.ҚАРЕКЕНОВ,**
**«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**